

ПО ИТОГАМ 2025 ГОДА ОБЪЕМ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПЕРЕВОЗОК ДОСТИГ 318 МИЛЛИОНОВ ТОНН, А В 2026 ГОДУ ПРОГНОЗИРУЕТСЯ РОСТ ДО 327 МИЛЛИОНОВ ТОНН ПРИ СТАБИЛЬНОМ УВЕЛИЧЕНИИ ТРАНЗИТА НА УРОВНЕ 20% В ГОД. ПАРАЛЛЕЛЬНО ВЕДЕТСЯ ФОРМИРОВАНИЕ ПОЛНОЦЕННОГО ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО КАРКАСА СТРАНЫ: ЗАВЕРШЕНЫ ПРОЕКТЫ ДОСТЫК – МОЙЫНТЫ И ОБВОДНАЯ ЛИНИЯ АЛМАТЫ ОБЩЕЙ ПРОТЯЖЕННОСТЬЮ 911 КИЛОМЕТРОВ, ЧТО ПОЗВОЛИЛО УВЕЛИЧИТЬ ПРОПУСКНУЮ СПОСОБНОСТЬ СЕТИ В ПЯТЬ РАЗ. В 2026 ГОДУ БУДУТ ЗАВЕРШЕНЫ СТРАТЕГИЧЕСКИЕ СТРОЙКИ НА УЧАСТКАХ КЫЗЫЛЖАР – МОЙЫНТЫ И ДАРБАЗА – МАКТААРАЛ, МОДЕРНИЗИРОВАНЫ НАПРАВЛЕНИЯ АЛТЫНКОЛЬ – ЖЕТЫГЕН И БЕЙНЕУ – МАНГИСТАУ, ПРОДОЛЖИТСЯ КАПИТАЛЬНЫЙ РЕМОНТ ПУТЕЙ, ОБНОВЛЕНИЕ ПОДВИЖНОГО СОСТАВА И РАЗВИТИЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ ТРАНСПОРТНЫХ КОРИДОРОВ ТМТМ И СЕВЕР – ЮГ.

Жанибек ТАЙЖАНОВ,
вице-министр транспорта РК



№1 (3148)
09/01/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ – АҚТӨБЕ: ЖАҢА ВАГОНДАР ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Маңғыстау халқы жаңажылдық мерекеге орай жолаушылар игілігіне берілген отандық өндірістен шыққан су жаңа вагондарды мәре-сәре болып қарсы алды. Сапар алдында олардың лентасын кесуге теміржол мекемелері басшылары мен ардагерлер, жергілікті тұрғындар жиналды.

 **Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

«Маңғыстау-Ақтөбе» бағытына жаңадан 4 купе, 5 плацкорт вагоны қосылды. Жаңа жыл мерекесі күндері алғашқы жолсапарын бастаған жаңа вагондар – қазақстандық «Тұлпар-Тальго» және «Зиксто» зауыттарынан шыққан стандартты вагондар. Онда жолаушыларға сапалы қызмет көрсету мақсатында қажетті қолайлылықтар қарастырылған. Салқындату және жылу жүйелері, экологиялық таза дәретханалар, әр орынға орнатылған 220 вольтты тоқ жүйесі және микротолқынды пештер, сенсорлы су бергіш диспенсер, тоңазытқыш, бейнебақылау құрылғысы, жуыну бөлмесі, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған амбулифт орнатылған вагондар бар.

– Жолаушыларға көрсетілетін қызметті жақсарту мақсатында «Батыс» аймақтық жолаушылар



тасымалының құрамдары жыл сайын жаңарып, жаңа вагондар қосылып жатыр. Мәселен, 2025 жылы 31 жаңа вагон қабылданды. Міне, бүгін, бұрын халық шағымданатын Маңғыстау – Ақтөбе бағытында да оң өзгерістер болып жатыр. Қазір бұл бағытта негізгі құрамда 11

вагон бар. Қажет болған жағдайда сұранысқа байланысты тағы да қосымша вагондар тіркелетін болады. Жолаушыларға барынша қолайлы жағдай жасап, жолсапар барысында қауіпсіз әрі ыңғайлы мүмкіндіктер сыйлау – біздің басты мақсатымыз. Бүгін сол міндетіміздің

бір бөлігі орындалып, халықтың жаңа жылда жаңа вагонмен жүруі ұйымдастырылып отыр, – дейді Батыс аймақтық жолаушылар тасымалының Маңғыстау учаскесі бастығының міндетін атқарушы Мырзабек Сүйінгарин.

Суреттерді түсірген автор



НОВЫЙ ШАГ В РАЗВИТИИ ЛОГИСТИКИ



В Казахстане создан Центр цифрового развития транспортной логистики.

Соответствующее постановление подписано Премьер-министром РК Олжасом Бектеновым 31 декабря 2025 года и введено в действие со дня подписания.

В документе, опубликованном на сайте Информационно-правовой системы нормативных правовых актов РК, отмечается, что в соответствии с подпунктом 4) статьи 11 Закона РК «О государственном имуществе» Правительство Казахстана постановило «Создать республиканское государственное учреждение «Центр цифрового развития транспортной логистики».

Планируется, что он будет заниматься развитием и координацией цифровых решений в транспортно-логистической отрасли. Это позволит повысить транзитный потенциал страны и цифровизацию отрасли. Кроме того, поспособствует становлению Казахстана ключевым торговым и логистическим хабом Евразии, улучшая экономическую конкурентоспособность бизнеса и упрощая доставку товаров.

Финансироваться учреждение будет за счет республиканского бюджета.

В связи с созданием нового центра Комитету государственного имущества и приватизации Министерства финансов РК поручено в ближайшее время утвердить устав учреждения и обеспечить его государственную регистрацию в органах юстиции, а также принять иные меры, вытекающие из постановления.

Любовь РОВБА



АЛМАС СЕЙСЕМҚАНОВ,
Семей ЖТ бөлімшесінің директоры:

ТЕМІР ЖОЛДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ ТЕК ТӘРТІП ПЕН ЕРЕЖЕЛЕРДЕН ҒАНА ТҰРМАЙДЫ. ОҚЫС ЖАҒДАЙЛАР МЕН ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ДА АСА МАҢЫЗДЫ. СЕМЕЙЛІК ТЕМІРЖОЛШЫЛАР АТАЛҒАН МӘСЕЛЕНІ КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ҚАРАСТЫРУДА. ОСЫ РЕТТЕ, «ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ КЕНЕТТЕН НАШАРЛАУЫ» ЖӘНЕ «ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ТЕХНИКАЛЫҚ ИНСПЕКТОРЛАРДЫҢ КӘСІБИЛІК ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ» СЫНДЫ СЕМИНАРЛАР ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУДЕГІ ДАҒДЫЛАРЫН АРТТЫРУҒА СЕПТІГІН ТИГІЗУДЕ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ЕРІКТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУМЕН

90 мың

ЖУЫҚ ТЕМІРЖОЛШЫ
ҚАМТЫЛҒАН.

2025 ЖЫЛЫ
КОМПАНИЯНЫҢ

80 000

ҚЫЗМЕТКЕРІ ТҮРЛІ
ДЕҢГЕЙДЕГІ НАГРАДА
ИЕГЕРІ БОЛДЫ.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ЕЛІМІЗДІҢ
ШИПАЖАЙЛАРЫНДА

9 000

АСТАМ ТЕМІРЖОЛШЫ
ЕМ-ДОМ ҚАБЫЛДАҒАН.

Технология

«АҚЫЛДЫ» ЖҮЙЕ СЫНАҚТАН ӨТУДЕ

Астана станциясында пилоттық режимде KinetiX жылжымалы құрамды техникалық бақылаудың инновациялық жүйесі енгізілуде. Қазірдің өзінде орнатылған бұл жүйе осы жылдың бірінші тоқсанында толығымен іске қосылады.

 **Ұлан ОРАЗ,**
Астана

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов, Басқарма төрағасының орынбасары Мұрат Төрегелдин және «ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Тасымалдау процесінің дирекциясы» филиалының директоры Владимир Петров Қырқыншы станциясына барып, жүйенің жұмысын бағалады.

Бұл технология вагондардың тораптары мен бөлшектерін диагностикалаудың дәлдігін арттырып, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі өлшемдерінің бірі болып табылады және жылжымалы құрамды жөндеу мерзімдері мен көлемін

алдын ала болжауға мүмкіндік береді.

KinetiX жүйесі вагондарды қозғалыста автоматты түрде сканерлейді және пойыздарды тоқтатпай ақауларды анықтайды. Ол үшін камералар, 3D сканерлеу технологиялары, инфракызыл, акустикалық және діріл датчиктері және жасанды интеллект алгоритмдері қолданылады.

Кешен арбаларды, тежегіш жабдықтарын, доңғалақ жұптарын, осьтік мойынтіректерді және автотіркегіштерді басқаруға арналған бірнеше ішкі жүйелерді қамтиды. Барлық анықталған ақаулар автоматты түрде мамандардың жұмыс орындарына жіберіледі, бұл жедел әрекет етуге және жөндеуді тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді.

KinetiX-ті енгізу қызметкерлерге жүктемені азайтып, вагондарды тексеру уақытын қысқартумен қатар теміржолдың өткізу қабілетін арттырады. Алдағы уақытта жүйені еліміздің тағы алты өңірінде орнату және ҚТЖ-ның басқа цифрлық платформаларымен интеграциялау жоспарлануда.

Kinetix жүйесі қазірдің өзінде бүкіл әлем бойынша 400 астам нысандарда сәтті жұмыс істеуде, бұл әртүрлі климаттық жағдайларда технологияның сенімділігі мен тиімділігін растайды. ҚТЖ үшін KinetiX жобасы – интеллектуалды темір жолды қалыптастыру, тасымалдау процесінің қауіпсіздік деңгейі мен технологиялық тұрақтылығын арттыру жолындағы маңызды қадам.

ЖҰМЫС ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTY ЖАЛҒАСАДЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы Санитарлық-тұрмыстық жағдайларды жақсарту бағдарламасы аясында өткен жылы ауқымды жұмыстар атқарды. Биыл күрделі салымдар жоспарында 34 нысанда күрделі жөндеу, ал 26-сына ағымдық жөндеу жүргізу көзделіп отыр.

 **Ислам ТАЛҒАТ,**
Астана

Жалпы 2025 жылғы бюджет шеңберінде ағымдық жөндеу 18 ғимарат пен жасанды құрылыста орындалған. Соның бірі, Астана электрмен жабдықтау дистанциясының әкімшілік-тұрмыстық корпусына ағымдық жөндеу жүргізілді. Әкімшілік және тұрмыстық объектілерді ресімдеу стандарттарына толық сәйкес келтірілген ғимараттың қасбеті жаңартылды. Іргелес аумақ абаттандырылып, ішкі үй-жайлар қайта жаңартылды, жайлы және қауіпсіз жұмыс ортасын құруға мүмкіндік берген сыртқы сумен жабдықтау және кәріз желілері ауыстырылды.

Дистанцияның 90 жылдығына орай демалыс аймағы бар жаңа аллея ашылды: ағаштар отырғызылып, қызметкерлер мен қонақтар үшін жаңа жайлы кеңістік құрылды. Осы іс-шараларды іске асыру жайлылықтың, функционалдылықтың

және корпоративтік стильдің оңтайлы үйлесімін қамтамасыз ете отырып, ұжым үшін лайықты еңбек жағдайларын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар былтыр «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС әлеуметтік бағдарламасы аясында күрделі жөндеу жүргізіліп, 15 нысан пайдалануға берілді. Атап айтқанда Арқа, Есіл, Отар, Бейнеу, Матай, Атбасар, Достық, Ганюшкино, Қызылжар, Ағадыр, Атырау, Сағыз және Орал станцияларында орналасқан локомотив бригадаларының 13 демалыс үйінде жөндеу жұмыстары орындалды. Бұдан басқа, Астана станциясының локомотивтерге техникалық қызмет көрсету пунктінде және Есіл станциясының депо кеңсесінің ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС тарихында алғаш рет Қарағанды-Сұрыпта станциясында локомотивтерге техникалық қызмет көрсету пунктін заманауи технологиялық ғимаратының құрылысы

жүзеге асырылуда. Жаңа объект өндірістік инфрақұрылымның маңызды элементіне айналады және Қазақстан өңірлері арасындағы тұрақты байланысты қамтамасыз ете отырып, локомотив паркіне қызмет көрсету тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Тобыл станциясының тепловоз депосының ғимараттарында, ТО-2 және ТО-3 цехтарында, сондай-ақ Көкшетау станциясындағы қызметтік-тұрмыстық үй-жайларда (әкімшілік-тұрмыстық корпус және локомотив бригадаларының демалыс үйі) және Қандыағаш станциясының локомотив бригадаларының демалыс үйінде күрделі жөндеу жұмыстары бір мезгілде жалғасуда. Осы жобаларды іске асыру санитарлық-тұрмыстық және өндірістік жағдайларды едәуір жақсартуға, еңбекті қорғау деңгейін арттыруға, қолайлы жұмыс ортасын қалыптастыруға, сондай-ақ тасымалдау процесінің тиімділігі мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

ОБНОВЛЕНИЕ ПАРКА



Парк путевого хозяйства филиала АО «НК «Қазақстан темір жолы» – «Дирекция магистральной сети» пополнился четырьмя погрузочно-транспортными мотовозами нового поколения МПТ-6. Поставка современной техники направлена на повышение эффективности и безопасности выполнения путевых работ.



Два мотовоза рассчитаны на перевозку до 10 человек, еще два – до 22 работников. Машины предназначены для оперативной доставки путевых бригад к местам работ, транспортировки материалов верхнего строения пути, а также проведения сварочных операций.

Мотовозы оснащены усовершенствованными пультами управления, электрическими приводами тяговых двигателей и современными светодиодными системами освещения и сигнализации. Такое оснащение обеспечивает надежную эксплуатацию техники и позволяет выполнять производственные задачи в любое время суток.

Новая техника направлена в Актюбинское, Карагандинское, Костанайское и Павлодарское отделения магистральной сети, где она будет использоваться при текущем содержании и ремонте железнодорожной инфраструктуры.

Планомерное обновление путевой техники остается одним из ключевых направлений развития магистральной сети ҚТЖ и способствует повышению надежности инфраструктуры, безопасности движения поездов и устойчивости перевозочного процесса.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ

Айназ СЫРЫМБЕТ,
Жамбыл



ЖИЫН

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінде «Ашық есік күні» өтті. Оның шеңберінде Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжінің студенттері Жамбыл жол бөлімшесіндегі музейді аралап, өңірдің көлік-логистикасының тарихымен танысты.



Ал мәжіліс залында өткен кездесуде сала мамандары студенттерге кәсіптік-техникалық мамандықтардың келешегі туралы әңгімеледі. Мәселен, «Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі» филиалы директорының автоматтандырылған басқару жүйесі жөніндегі орынбасары Асылхан Тайлақбаев пойыздар қозғалысын басқарудың және қауіпсіздігінің цифрлық жүйелерін дамытудағы үдерістерін таныстырды.

Филиалдың персоналдарды басқару бөлімінің бастығы Индира Қоңқашова теміржол саласында жұмысшы және техникалық білімі бар кәсіби мамандарға сұраныс төмендемейтінін жеткізді. Тараз станциясының бас инженері Еркін Шардарбеков станцияларда қандай жұмыс атқарылатынына тоқталды. Жамбыл электрмен жабдықтау дистанциясының оқыту шебері Марат Құлбаев тоқпен жұмыс істегенде сақталуы тиіс еңбек қауіпсіздігі талаптарын түсіндіріп, дистанцияның магистральдық желі бойында қандай қызмет көрсететіні туралы айтып берді.

Студенттерді көбірек қызықтыратыны – теміржол саласына енгізіліп жатқан жаңашылдықтар екен. Жастар осы мәселе туралы білікті мамандарға сұрақтар қойып, еркін әңгіме өрбіді. Салада қолданылатын нақты жобалар мен практикалық шешімдер талқыланған кездесудің болашақ теміржолшылар үшін берері көп болды.

Суретті түсірген автор

МАМАННАН МАҢЫЗДЫ ДӘРІС

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



БІЛІМ

Маңғыстау электрмен жабдықтау дистанциясының өндірістік оқыту шебері Ақмарал Болысова бір күнін болашақ теміржолшыларға арнады. М.Тынышбаев атындағы Ақтау АЛТ көлік колледжінің студенттеріне «Электр энергиясын пайдалану ережелері» тақырыбында дәріс өткізді.



Дәріс барысында электр энергиясын дұрыс және қауіпсіз пайдалану қағидалары, тұрмыста және өндірісте кездесетін электр қауіп-қатерлері, жазатайым оқиғалардың алдын алу жолдары туралы жан-жақты түсіндірді. Сонымен қатар электр құрылғыларын пайдалану кезіндегі негізгі талаптар жөнінде айтып, қауіпсіздік техникасын сақтау, электр тогының адам өмірі мен денсаулығына әсері туралы нақты мысалдармен жеткізді.

Өндірістік оқыту шебері студенттерге электр энергиясын үнемді пайдалану, ақаулы құрал-жабдықтарды дер кезінде анықтау және төтенше жағдай туындаған кезде алғашқы көмек көрсету тәртібі жөнінде де маңызды мәліметтер берді. Дәріс интерактивті форматта өтті. Болашағын темір жолдың электрмен жабдықтау саласымен байланыстырғысы келетін студенттер өздерін қызықтырған біраз сұраққа тұшымды жауап алды.

– Іс-шараның басты мақсаты – болашақ мамандардың электр қауіпсіздігі бойынша білімін арттыру, кәсіби жауапкершілігін қалыптастыру және еңбек барысында қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға үйрету. Сондықтан нақты осы салада еңбек етіп, өндірісте жүрген жұмысшыларды оқытып, білімін жетілдіріп жүрген маманды шақырып, студенттермен кездестіруді жөн көрдік, – дейді колледж басшылығы.

Суретті түсірген автор

Хабарландыру

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Ақмола магистральдық желі бөлімшесі» филиалының «Нұрлы жол» вокзал кешені 2026 жылғы қаңтардың 21-інде бірыңғай оператор үшін «Нұрлы жол» теміржол вокзал кешенінің тұрақ аймағын жалға беру бойынша конкурс өткізілетінін хабарлайды.

Барлық ақпарат «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының www.railways.kz сайтында «Теміржол вокзалдарындағы алаңдар мен үй-жайларды мүлкіктік жалға беру (жалға алу) тәртібі» бөлімінің «Инфрақұрылым» тармақшасында көрсетілген.

Барлық сұрақтар бойынша келесі телефондарға қоңырау шалыңыз: 8 (7172) 61-44-40, 61-44-44, 8 (775) 972-75-13.

МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

«КТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов темір жолда көп жыл еңбек етіп, саланың дамуына сүбелі үлес қосқан екі теміржолшыға Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарына сәйкес мемлекеттік наградаларды табыс етті. Олар – Бақыт Тойбаев пен Мұратбек Сәрсенов.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Сонымен «Еңбек даңқы» III дәрежелі орденімен «КТЖ» ҰК» АҚ – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Орал белгі беру және байланыс дистанциясының СОБ электромеханигі Мұратбек Сәрсенов диспетчерлік қозғалысты басқару жүйелерін енгізу мен жаңғыртуға қосқан үлесі мен көпжылдық еңбегі үшін мара-

патталды. Ол – темір жолға 30 жылға жуық уақыт еңбек сіңірген білікті маман әрі жастардың тәлімгері.

Ал саналы ғұмырының 41 жылын темір жолға арнаған «КТЖ» ҰК» АҚ – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының Автоматика, телемеханика және телекоммуникациялар департаментінің менеджері Бақыт Тойбаев инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға және Достық – Мойынты учаскесіндегі екінші жолдарды салуға қосқан



елеулі үлесі үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Былтыр Компания бойынша Жұмысшы мамандықтар жылы аясында барлығы 1975 қызметкер марапатталыпты. Оның ішінде салалық наградалармен – 1908 қызметкер, мемлекеттік наградалармен – 64 қызметкер, ведомстволықпен – 3 қызметкер марапатталған болатын.

Магистральдық желі дирек-

циясы үшін былтырғы жыл маңызды оқиғалар мен мәнді жобаларға толы болды. Атап айтсақ, Алматы қаласында жобалық-конструкторлық бюро мен өңірлік архивтің және Достық – Мойынты учаскесіндегі екінші жолдардың ашылуы болды. Бұл жобаға дирекция мамандары ерекше үлес қосты.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІНЕ ЖҮГІНДІ

Қандыағаштық теміржолшылар жол бойына мал жаймау қажеттігін жасанды интеллект көмегімен халыққа түсіндіре бастады. Олар бұл әрекеттің тек экономикалық шығын ғана емес, адам өміріне тікелей қауіп төндіретінін қарапайым тілмен жеткізуді мақсат еткен.



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Қандыағаш жол дистанциясы Жем – Қандыағаш, Сағыз, Никельтау учаскелерін қоса алғанда жалпы ұзындығы 497,6 шақырым телімді қамтиды. Соңғы уақытта осы аралықта төрт түлік малдың теміржол бойына шығу деректері жиілеп кеткен.

Дистанция мәліметінше, 2025 жылдың басынан бері малдың теміржолға шығуына байланысты 76 оқиға тіркелген. Мұндай жағдайлар жолаушы және жүк пойыздарының қозғалыс қауіпсіздігіне, жолаушылардың өміріне қауіп төндіріп қана қоймай, қауіпті жүк тасымалы кезінде вагондардың рельстен шығып кету қаупін арттырады. Бұл өз кезегінде қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін.

Қандыағаш жол дистанциясының қызметкерлері жол бойына мал шығып кету оқиғаларын азайту мақсатында профилак-



тикалық жұмыстарды күшейтті. Теміржолға жақын орналасқан елді мекендерде тұрғындармен және мал иелерімен жеке кездесулер өткізіліп, мал жаю ережелері түсіндірілуде. Қадағалаусыз малдың жолға шығуына жол бермеу жөнінде ескертулер берілді.

Мамандардың айтуынша, теміржол бойында бөгде заттардың жатуы, белгіленбеген жерден адамдардың өтуі және малдың жолға шығуы – қозғалыс қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін негізгі факторлар. Дистанция қыз-

меткерлері жайылымға жіберілген малдың темір жолға шығып кетуінен туындайтын шұғыл тежеулердің алдын алу үшін тұрақты түрде күрес жүргізіп келеді.

Еңбек қорғау инженерлері мал иелеріне теміржолға жақын жерде мал жаю талаптарын үнемі түсіндіруде. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 559-бабына сәйкес, малды рельстен кемінде 300 метр қашықтықта байлап жаюға, ал тұрақты бақылаумен 2000 метр қашықтықта бағуға рұқсат етіледі.

Теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін бұзу әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады. Атап айтқанда, көлік арбамен теміржолдан өту ережесін бұзу, мал айдап өту немесе теміржол аумағында мал жаю фактілері үшін ескерту беріледі немесе азаматтарға 5 АЕК-ке дейін, ал лауазымды тұлғаларға 10 АЕК-ке дейін айыппұл салынады.

Суретті түсірген автор

ҮЗДІК ВАГОН ҚАРАУШЫ – ШУДА



БАЙҚАУ

«Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалы Жамбыл вагон пайдалану депосының өндірістік базасында республикалық «Үздік вагон қараушы-2025» кәсіби байқауы өтіп, оның ашылу салтанатында «КТЖ» ҰК» АҚ «Вагон шаруашылығы департаментінің» бас менеджері Дулат Бектұров сөз сөйлеп, вагон қараушыларға жүктелетін міндеттерге тоқталды.



Ардақ УСЕЙІНОВА,
Жамбыл

– Әр өңірдің үздіктері сынға түсетін кәсіби байқау – вагон қараушылар үшін қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуде тиімді тәжірибе алаңына айналды. Биылғы ерекшелік іс-шарамыздың географиялық аумағы кеңейе түскені болып отыр. Көршілес Қырғыз елінің Бішкек қаласынан және 10 өңірден келген үміткерлермен қатар, вагон пайдалану деполарының бірінші басшылары да қатысуда, – деді Дулат Сұлтанұлы.

«Қазтеміржолкәсіп» ҚБ Жамбыл филиалының төрағасы Ерболат Жидебаев кәсіподақ ұйымы әр уақытта еңбек иелеріне қолдау көрсететінін атап өтті. Жамбыл жерінде ұйымдастырылып отырған республикалық байқау қатысушыларына тарихымыздың темірқазығы саналатын көне Тараз қаласынан үлкен әсер алып, табыспен қайтуларына тілеу-лестігін жеткізді. Байқау қатысушылардың кәсіби білімін, практикалық дағдыларын кешенді бағалауға бағытталған бірнеше кезеңдерді қамтыды.

Білім деңгейі сыналған теориялық бөлімнің «Сен маған, мен саған» атты турында қатысушылар вагондарды техникалық пайдалану, нормативтік құжаттар және практикалық жағдайлар бойынша 2 сұрақтан қойса, вагонды жөндеуден қабылдау туралы 45-анықтамадағы қателерді тапты. Жүк вагондарының құрылысы; қауіпсіздік талаптары, техникалық құжаттаманы ресімдеу тәртібі бойынша дайындалған 10 сұраққа жылдам жауап берді.

Ал практикалық кезеңде әрбір қатысушыға ВЧД-27 вагон пайдалану депосының Техникалық қызмет көрсету орталығында 5 жүк вагонындағы ақауларды табу туралы тапсырма берілді. Үміткерлер объектінің жөндеу санатын анықтап, тексеру нәтижелерін ресімдеді. Байқаудың екінші



бөлімінің 2-турында қатысушыларға «СА-3» автотіркегіштің құрастыру және бөлшектеу туралы талап қойылды. Комиссия мүшелері бұл кезеңде вагон қараушылардың жалпы технология мен қауіпсіздік талаптарын сақтауын, іс-қимылдар реттілігінің дұрыс әрі жылдам орындаудағы дәлдігін бағалады.

– Біз «Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі» филиалымен тығыз әріптестік байланыстамыз. Вагон қараушылар арасында байқау өтетінін естіген соң қатысып-үйреніп қайтайық деп шештік. Ұйымдастыру ерекшеліктерін өз тәжірибемізге енгізсек деген жоспарымыз бар, – дейді «Қырғыз темір


жолу» ҰК» мамлекеттік ишканасы вагон бөлімі филиалы бастығының орынбасары Турдыбек Бейшенбекұлы.

Байқау қорытындысы бойынша 35 балл жинап, барлық кезеңде ең үздік нәтиже көрсеткен ВЧД-27 Жамбыл вагон пайдалану депосына қарасты Шу техникалық қызмет көрсету пунктіннің вагон қараушысы Мавлюдбек Бурсалов жеңіске жетті. 27 ұлаймен 2-орынды ВЧД-16 Екібастұз вагон пайдалану депосынан келген Арсен Ахмедов иеленді. Бір ғана ұпай айырмашылығымен үздік үштікті ВЧД-30 Арыс депосының маманы Қалдыхан Сатыбалдиев түйіндеді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалының директоры Айдын Сеитбенбетов марапаттады. Жеңімпазға «Үздік вагон қараушы» белгісімен бірге бағалы сыйлық табысталды. Жүлдегерлер арнайы дипломдармен марапатталды. Үздіктермен қатар ерекше көзге түскен қатысушылар да сый-сияпатсыз қалған жоқ. Солардың бірі – ВЧД-1 Бішкек вагон пайдалану депосының вагон қараушысы Рустам Асакеев. Кәсіподақ ұйымы атынан Ерболат Жидебаев қонақтарға қазақы дәстүрмен шапан жауып, құрмет көрсетті.

Суреттерді түсірген автор

ИННОВАЦИИ, РОСТ И УСТОЙЧИВОСТЬ



ИТОГИ

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

22 тысячи километров железнодорожной сети – именно такой масштаб охватывает система «Смарт-диагностика», уже сегодня позволяющая прогнозировать развитие дефектов на 87 дней вперед и вдвое ускорить планирование ремонтов.

Три тысячи километров магистралей охвачены проектами автоматизации, направленных на рост пропускной способности сразу по семи ключевым направлениям.

До двух миллиардов тенге в год – такую экономию дает запуск единой цифровой платформы по управлению вагонным парком, сокращая порожний пробег и повышая эффективность использования активов. Кроме того, в КТЖ внедряется инновационная система Kinetix от Wabtec, обеспечивающая диагностику вагонов в движении – без остановки, без потерь времени и с максимальной точностью.

319,8 миллиона тонн – именно такого объема достигли грузоперевозки по итогам 2025 года, что на 5,5% больше, чем в предыдущем году. Этот рост обеспечен уверенной динамикой внутренних перевозок (+2,7%),

импорта (+2,5%), транзита (+20%) и особенно экспорта (+7,1%).

13,9 миллиона тонн зерна (+31,4%) и 105,8 миллиона тонн угля (+3%) – ключевые рекорды по номенклатуре. Значительный рост также зафиксирован по нефтепродуктам, строительным материалам и химической продукции. География поставок казахстанского зерна охватывает Центральную Азию, Иран, Афганистан и Россию.

Более 29,3 миллиона тонн в год – до такого уровня увеличена пропускная способность в направлении Узбекистана в 2025 году, а соответственно и в другие страны Центральной Азии – Афганистан, Кыргызстан, Таджикистан. Это позволяет нарастить экспорт казахстанского зерна до 5,6 миллиона тонн – рост на 21%. Для дальнейшей разгрузки узла КТЖ своевременно начала строительство новой линии Дарбаза – Мактаарал.

35,4 миллиона тонн – таков ожидаемый объем перевозок в Китай по итогам 2025 года, что на 10,5% превышает показатель прошлого года. Устойчивый рост зафиксирован сразу по двум ключевым переходам – Достык и Алтынколь.

В рамках предвыборной программы Президента Республики Казахстан предусмо-

трен ремонт 11 000 километров пути до 2029 года. Начиная с 2023 года отремонтировано 4 448 километров пути, что составляет 40% от предусмотренного программой объема (2023 г. – 1 443 км, 2024 г. – 1 430 км, 2025 г. – 1 575 км). Ремонт производится с опережением плана на 234 километра (106%).

С начала года поездами АО «Пассажирские перевозки» воспользовались более 13 миллионов пассажиров, что свидетельствует о растущем уровне доверия и повышении эффективности работы компании.

За 10 лет обновлено 60% пассажирского парка вагонов, а к 2030 году средний возраст вагонов сократится до 10 лет. 822 тысячи пассажиров выбрали проект «Женский вагон», который успешно реализуется на 12 маршрутах уже более четырех лет. Это говорит о высоком спросе комфорта в пути.

В 2025 году начата реализация одновременно семи проектов по модернизации и внедрению автоблокировки на 3 000 километрах существующих участков. Так, в рамках модернизации участка Кызылжар – Саксаульская 25 декабря 2025 года на поездо-участке Кызылжар – Жезказган завершены работы по первому пусковому комплексу внедрения системы автоблокировки и строительству четырех новых раздельных пунктов с микропроцессорной централизацией системы управления. Это уже позволило увеличить пропускную способность на поездо-участке Кызылжар – Жезказган с 8 до 14 пар грузовых поездов.


Цифровая автоблокировка обеспечила интервальное управление движением поездов с увеличением частоты и количества поездов на одном перегоне (ранее техническая возможность позволяла нахождение только одного поезда на перегоне).

В конце минувшего года международное рейтинговое агентство S&P Global опубликовало результаты ESG-оценки АО «НК «Қазақстан темір жолы» в Глобальной оценке корпоративной устойчивости (CSA Corporate Sustainability Assessment).

По итогам 2025 года компании присвоено 75 баллов, что на 15 пунктов выше показателя прошлого года. Достигнутый результат позволил АО «НК «ҚТЖ» войти в топ-3% ведущих транспортных компаний мира (среди более 300 компаний), прошедших оценку S&P Global.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЛЕТОПИСЬ ДЛИНОЮ ПОЧТИ В ВЕК



ИСТОРИЯ

Айлин БАУРЖАН,
Алматы

Фонд архива насчитывает более 133 тысяч дел постоянного хранения, сформированных по 69 архивным фондам предприятий железнодорожной отрасли Алматинского отделения. Документы охватывают период с 1930 по 2022 год и содержат сведения о становлении инфраструктуры, трудовой деятельности железнодорожников и реализации ключевых проектов компании.

Отдельное внимание в работе обновленного архива уделяется оцифровке документов. Перевод архивных материалов в элек-

В Алматы начал работу обновленный архив Алматинского отделения магистральной сети АО «НК «ҚТЖ», объединивший десятки тысяч документов, отражающих развитие железной дороги региона на протяжении почти ста лет.

тронный формат позволяет обеспечить их сохранность, ускорить поиск информации и повысить доступность архивных сведений для работников и государственных органов.

Архив стал важным звеном в системе социального обслуживания: здесь оформляют справки о заработной плате и трудовом стаже, подготавливают документы, уточняющие условия и характер работы, необходимые для назначения пенсий. Для оперативного взаимодействия налажено сотрудничество с органами труда и социальной защиты, клиентскими службами и НАО «ГК «Правительство для граждан» в районах Алматы.

Открытие архива сопровождалось торжественным мероприятием, в рамках которого состоялась передача новой техники подразделениям компании. Председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Талгат Алдыбергенов вручил ключи от снегоходной техники и пульт управления беспилотным летательным аппаратом. В дальнейшем автотранспорт и снегоходы – всего 211 единиц техники и 63 снегохода – поступят и в другие отделения магистральной сети.

Отдельное внимание в ходе мероприятия было уделено людям, обеспечившим запуск архива. Благодарственное письмо председателя правления получил главный инженер Алматинской дистанции сигнализации и связи Берик Ахмиев – за вклад в организацию и открытие архивного комплекса.

Управляющий директор по инфраструктуре – директор филиала «Дирекция магистральной сети» Сакен Рахметов также отметил благодарственными письмами сотрудников, принимавших участие в подготовительных работах.

ПУТЕЙЦЫ ВЫСОКОГО УРОВНЯ МАСТЕРСТВА



КОНКУРС

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Его основной целью стало повышение престижа рабочих профессий в железнодорожной отрасли, признание вклада трудовых коллективов в ее развитие, а также выявление и поощрение лучших работников ПЧ-38. Конкурс проходил в рамках празднования 120-летия АО «Казпрофжел», а также Года рабочих профессий в Казахстане.

Как отметил председатель первичной профсоюзной организации Кумистауской дистанции пути Дархан Рамазанов, проведение конкурса стало важным шагом в работе с коллективом, своеобразным подведением итогов 2025 года. Самые профессиональные определяли по трем номинациям: «Лучший монтер пути», «Лучший бригадир пути», «Лучший машинист путевых машин».

Состязание проходило в несколько этапов. На первом участником направили онлайн-тесты, которые включали вопросы по профессиональной деятельности, охране труда и технике безопасности. По итогам

тестирования определили сотрудников, показавших наиболее высокие результаты.

Второй, очный этап конкурса прошел в формате круглого стола и беседы. Во время общения конкурсанты показывали свои профессиональные знания, практический опыт, а также умение аргументированно высказывать предложения по улучшению производственных процессов и условий труда.

Финалом мероприятия стало торжественное награждение победителей и призеров в каждой номинации. Лучшие работники Кумистауской дистанции пути ПЧ-38 были отмечены ценными подарками от «Казпрофжел», что стало заслуженным признанием их добросовестного труда и высокого профессионализма. Лучшими монтерами пути были признаны: Александр Бубнов, Аскар Кульчинов, Дамир Баянбаев, Дамир Ахметов. Лучшими бригадирами пути названы: Саят Советов, Виталий Дмитриев. Лучший машинист путевых машин – Алмаз Миябаев.

– Сначала для наших работников такой конкурс был чем-то новым, непонятным. Но после того, как победители, участники



получили подарки и были поощрены, те, кто не участвовал, заинтересовались. Уже после мероприятия задавали вопросы: «А будет ли еще такой конкурс? А можно будет в нем поучаствовать?» Некоторые даже сожалели, что не участвовали, что все-таки надо было попробовать, – вспоминает Дархан Рамазанов.

Фото Дархана РАМАЗАНОВА

КОНТРОЛЬ НА ТРАНСПОРТЕ



Любовь РОВБА,
Астана



ПРОФИЛАКТИКА

Около 90 тысяч нарушений на объектах транспорта выявлено в 2025 году. Наиболее частым из них стало распитие крепких напитков в пути.

В течение прошлого года транспортными полицейскими зафиксировано 89 397 административных правонарушений. Самыми распространенными который год остаются появление в общественных местах в состоянии опьянения и распитие алкогольных напитков – 7 321 факт за 2025 год. Кроме того, выявлено 760 случаев мелкого хулиганства и другие.

Во время новогодних праздников из-за увеличившегося в разы пассажиропотока личный состав департамента полиции на транспорте был переведен на усиленный вариант несения службы. Пресекали пронос на территорию вокзалов, а также в салоны поездов опасных предметов, включая фейерверки и другие пиротехнические изделия, которые могут создать реальную угрозу жизни и здоровью окружающих.

Кроме того, на железнодорожном вокзале «Нұрлы жол» в столице, а также в пассажирских поездах сообщением Нұрлы жол – Алматы и Жезказган – Астана провели оперативно-профилактическое мероприятие, в ходе которого пассажирам в очередной раз напомнили о правилах поведения на объектах железнодорожного транспорта, необходимости быть внимательными к сохранности личного имущества и не оставлять вещи без присмотра.

Во время патрулирования и осмотра вагонов с применением служебно-розыскных собак пассажиры с пониманием отнеслись к работе инспекторов Центра кинологической службы. А члены поездных бригад высказали пожелание о сопровождении поездов сотрудниками полиции, поскольку это создает ощущение постоянной защищенности и безопасности.

Объявление

Вокзальный комплекс «Нұрлы жол» филиала акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» – «Акмолинское отделение магистральной сети» сообщает, что 21 января 2026 года будет проведен конкурс по передаче в аренду парковочной зоны железнодорожного вокзального комплекса «Нұрлы жол» для единого оператора.

Подробная информация размещена на сайте акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» www.railways.kz в подразделе «Порядок сдачи в имущественный найм (аренду) помещений и площадей на железнодорожных вокзалах» раздела «Инфраструктура».

По всем вопросам обращаться по телефонам: 8 (7172) 61-44-40, 61-44-44, 8 (775) 972 – 75 – 13.

САНЖАР БАҚЫТҰЛЫ ЕЛУБАЕВ

Қазақстанның көлік-логистика саласын дамытуға еңбек жолын арнаған қасиби маман Санжар Бақытұлы Елубаевтың мезгілсіз қайтыс болғаны туралы өкінішпен хабарлаймыз.

Санжар Бақытұлы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ бөлімшелерінің, оның ішінде «Қаз-теміртранс», «КТЗ Express» және «Астық Транс» сияқты бейінді компанияларда менеджерден ҚТЖ вице-президентіне дейінгі қызмет сатыларынан өтті. Оның стратегиялық ойлауы, көшбасшылығы мен іскерлік қасиеттері Қазақстанның еуразиялық кеңістіктегі маңызды логистикалық хаб ретінде қалыптасуында шешуші рөл атқарды.

Ол теміржол саласын дамытуға қосқан үлесі үшін «Құрмет» орденімен және өзге де наградалармен марапатталды. Оның жарқын бейнесі әріптестерінің, достарының және оны ар-намыс пен істің адамы ретінде билетіндердің жүрегінде мәңгі қалады.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басшылығы мен ұжымы Санжар Бақытұлы Елубаевтың отбасы мен жақындарына орны толмас қазаға байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

С глубоким прискорбием сообщаем, что на 51-м году скорпостижно в результате острой сердечной недостаточности ушел из жизни президент АО «Астық Транс» Санжар Бахытович Елюбаев.

Это невосполнимая утрата для родных близких, всего коллектива, партнеров и всех, кто имел честь знать и работать с ним. Санжар Бахытович внес неоценимый вклад в развитие нашей компании и всегда оставался Человеком с большой буквы. Он был не просто руководителем, он был Лидером – талантливым, мудрым, дальновидным. Ему были присущи такие качества, как высокая ответственность, принципиальность и искренняя забота о людях. Его уважали, ему доверяли, за ним шли. Санжар Бахытович умел поддерживать, вдохновить и объединить людей вокруг общих ценностей и целей.

Под его руководством компания динамично развивалась, крепла и уверенно смотрела в будущее. Его профессионализм, стратегическое мышление и человеческая порядочность снискали глубокое уважение и доверие коллег и партнеров.

Санжар Бахытович внес свой значимый вклад не только в АО «Астық Транс», но и в транспортную и зерновую отрасли Казахстана в целом, занимал руководящие должности в системе АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы», был активным членом общественных объединений юридических лиц «Зерновой союз Казахстана», Ассоциации национальных экспедиторов Казахстана.

За значительный вклад в развитие экономики Казахстана Санжар Елюбаев был удостоен государственной награды – ордена «Құрмет», а также памятных знаков «Қазақстан темір жолына 110 жыл» и ОАО «Российские железные дороги».

Смерть близкого человека всегда большое горе, с которым трудно смириться. Пусть воспоминания поддержат вас в это время.

Внезапная смерть стала тяжелым ударом для всех работников и коллег. Светлая память о нем навсегда сохранится в наших сердцах.

Руководство и коллектив АО «Астық Транс» выражают глубокие соболезнования родным и близким Санжара Бахытовича Елюбаева.

ҚЫРЫҚ ЕКІ ЖЫЛ – ТЕМІР ЖОЛДА

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның Вагон шаруашылығы департаментінің жеке жүк вагондарын тіркеу тобының бас менеджері Клара Жакышова биылғы қаңтар айында алпыстың асуын бағындырды.

Оны департаменттегі әріптестерімен қатар «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-дегі филиал директоры – Бас директордың логотив шаруашылығы жөніндегі орынбасары Қайраткен Нығметов құттықтап, жылы лебізін білдіріп, әріптестері атынан гүл шоғын тарту етті.

Клара Тілеулесқызы – теміржолшы әулетінің өкілі. Әкесі станция кезекшісі, анасы билет кассирі болып қызмет етіпті. Бір әке, бір шешеден тараған бауырлары да темір жолда тер төгіп, нәпақаларын тауып жүр екен. Клара да әкенің қанымен, ананың сүтімен берілген кәсіпті өміріне арқау етіпті. Алматыдағы теміржол көлігі инженерлері институтын бітіріп келген ол 1983 жылы еңбек жолын Жосалы станциясында жүк пен багаж қабылдап-тапсырушы болып бастапты. Одан кейін тауар кассирі, аға тауар кассирі қызметтерін атқарған Клара еліміздің солтүстігіне қоныс аударып, Көкшетау бөлімшесінде жоспарлау бөлімінде жұмыс істейді. Ал уақыт өте келе



Астанаға жұмысын ауыстырып, қазіргі қызметінің білікті маманы болады.

– Темір жол – менің өмір жолым десе болады. Мен үлкен саланың тыныс-тірлігімен ата-анам арқылы аз да болса таныс болдым. Кейін өзім де темір жолдың ажырамас бір бөлшегіне айналдым. Қарап отырсам, қырық екі жылдық ғұмырымды арнаппын. Теміржолшы болғанымды, өз ісін жетік меңгерген мықты мамандармен жұмыс істеп жатқанымды мақтан тұтамын, – дейді кейіпкеріміз.

Әріптестері де Клара Тілеулесқызының майталман маман, жақсы дос, жастарға тәлімгер ұстаз екенін айтады. Кейіпкеріміз болса бос уақытында тоқыма тоқып, кітап оқығанды ұнатады екен.

Сұлуғұл БАКЕСОВА

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ КАНИКУЛ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ және «Қазтеміржолкәсіп» ҚБ қолдауымен қысқы каникулда теміржолшылардың 70 жуық баласының Астанаға саяхаты ұйымдастырылып, олар төрт күн бойы елорданың түрлі көрнекі орындарын аралады.

Еліміздің барлық өңірінен келген 7-11 жас аралығындағы балалардың жол билеті, тамағы, қонақүйде жатуы, түрлі нысандарға қыдыруы, сыйлықтар алу және тағы басқа шығынын кәсіподақ ұйымы көтерді. Топтарға бөлінген балалар Астанада «Бәйтерек» монументіне, Ұлттық музейге, ҚТЖ бас ғимаратындағы музей мен Қысқы баққа, Мұхитаралға барды. Сонымен қатар қонақүй залында оларға түрлі шоу бағдарламалар ұйымдастырылды. Соңғы күнінде балаларға өз қолымен жаңажылдық сыйлықтар тарту еткен «Қазтеміржолкәсіп»

ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев оларды жаңа жылымен құттықтады. – Жылына 2 рет теміржолшылардың балаларын осылай Астанаға алдырып, демалысты ұйымдастыру дәстүрге айналған. Енді мұндай саяхат жазда басқа балалар үшін өткізіледі. Елорданың ең көрнекі орындарын аралатып, теміржол ғимаратымен таныстырамыз. Сіздерге бақытты балалық шақ тілеймін, сабақты жақсы оқып, ата-анаңыздың үмітін ақтаңыздар, – деді ол.

Жаңа Семей станциясының тасымал құжаттарын өңдеу опе-



раторы, әрі кәсіподақ өкілі Ай-нұр Ақшабарованың айтуынша, 4-7 қаңтар аралығында өтетін демалысқа өңірден 7 бала әкелген. Олардың бәрі де көп балалы отбасынан шыққан. Солардың бірі Дина Қайратқызы – семейлік машинистің қызы.

– Үйде 5 баламыз, мен төртіншімін. Әкем көп жылдан бері ҚТЖ-да еңбек етеді. Астанаға үшінші рет келіп тұрмын, ал темір жол арқылы бірінші рет келуім. Қысқы каникулымыз өте қызықты

өтіп жатыр. «Бәйтерекке» бардық, 105 метр биіктікке көтеріліп, суретке түстік. ҚТЖ музейінде түрлі қызықты ескі дүниелер бар екен, көне паровоздар, суреттер, басқа да жәдігерлер. Қонақ үйде біз пицца жасаудан шеберлік сабағына қатыстық, демалысымды осылай қызықты өткізуіме мүмкіндік берген әкемнің ұжымына, ҚТЖ-ға алғыс білдіремін, – деді Дина.

Райхан РАХМЕТОВА

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР ҚОЛДАУҒА ИЕ

«Аманат» партиясының Қызылорда қалалық филиалына қарасты «Магистральды желі» бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен теміржолшылардың дарынды балаларына арналған «Жаңа жыл – жаңа арман, жаңа белес!» атты тағылымды мерекелік іс-шара өтті.



Оның мақсаты – теміржолшылардың дарынды, өнерлі, білімді балаларының жетістіктерін насихаттау, балалар арасында белсенді өмір салтын қалыптастыру, қас ұрпақтың болашағына деген сенімін нығайту. Жиын барысын-

да Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры әрі «Магистральды желі» БҰҰ төрағасы Ербол Сәулебеков жас жеткіншектерді құттықтап, халықаралық спорт жарыстарының жеңімпаздары, өнер фестиваль-

дарының бас жүлдегерлері мен зияткерлік олимпиадалардың жүлдегерлерін марапаттады. Олардың қатарында спорт, өнер, ғылым, шығармашылық бағыттарында қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейде

жоғары жетістіктерге жеткен Дайрабай Дидар, Дайрабай Хан-бибі, Бақберген Рабия, Саматұлы Нұрперзент, Өтегенова Құралай, Жанболат Мейірман, Ибайхан Айару, Абызбек Нұрасыл, Бекзат Ринатұлы, Темірбек Байбек, Сраждин Мадияр, Базарбай Алихан, Иманбай Бексұлтан, Базарбай Айару, Бахтиярова Майя, Нұрланұлы Олжас, Марат Айсұлтан, Төрехан Аізере, Шакибаев Нұрдаулет сынды дарынды балалар бар. «Әр баланың жетістігі – табандылық пен еңбектің, ата-ана қолдауы мен ұстаз еңбегінің жемісі», – деп атап өтті бөлімше басшысы.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,

Қызылорда

Суретті түсірген автор

ОДНА ИЗ СТАРЕЙШИХ ВЕТОК ОТМЕЧАЕТ ЮБИЛЕЙ

Первого января 2026 года исполнилось 110 лет со дня запуска железнодорожного участка Костанай – Троицк.

Эта линия была введена в эксплуатацию в 1916 году, а ее строительство велось в течение трех лет – с 1913 по 1916 год.

Как отметила председатель совета ветеранов-железнодорожников Костанайского региона Раушан Абишева, в честь юбилея в железнодорожном музее организована тематическая выставка. По архивным материалам Костанайского областного музея и музея боевой и трудовой славы железнодорожников удалось восстановить историю строительства этой ветки.

Идея сооружения железной дороги Троицк – Кустанай возникла еще в 1912 году. Инициаторами выступили купцы, а также предприниматели и представители деловых кругов, заинтересованные в упрощении ввоза товаров и вывоза сельскохозяйственного сырья. Они давно стремились соединить город Кустанай железнодорожной линией с Челябинским направлением.

Согласно карте, составленной военными топографами Генерального штаба в 1880-е годы, по территории современной Костанайской области проходила древняя широкая караванная дорога. Она

начиналась от поселка Тургай, шла на север через Аман-Карагайский лес (ныне Аулиекольский район), пересекала реки Улкоятъ, Кабырга, Жусалы и Убаган, далее вела к Звериноголовской станице и городам Кургану и Троицку. По этому пути с давних времен перевозили повременную соль с озера Жемелей (Эбелей) в казачьи станицы Горькой линии, а также вывозили шерсть, пушнину, кожи и скот из казахских хозяйств. От Тургая на юг караванный путь вел в города Средней Азии – Туркестан и Ташкент.

14 марта 1912 года министры финансов и путей сообщения обратились в Совет Министров с докладом о предоставлении обществу Троицкой железной дороги разрешения на строительство и эксплуатацию линии нормальной колеи от станции Троицк до города Кустаная Тургайской области. В зону влияния дороги входила территория площадью около 101 тысячи квадратных верст с населением свыше 362 тысяч человек, занятых в основном земледелием.

После получения разрешения для прокладки пути у местного населения было отчуждено около 1,1 тысячи десятин земли. К строительству привлекли большое количество рабочих различных национальностей. Для руководства работами создали местное управление – Кустанайское отделение по постройке новых линий общества Троицкой железной дороги.

Непосредственное строительство началось 1 мая 1913 года. Уже в декабре того же года была завершена укладка путей и открыто временное движение для перевозки воинских и хозяйственных грузов. С начала 1914 года стали осуществляться и пассажирские перевозки. 5 сентября 1914 года был утвержден проект пассажирского вокзала на станции Кустанай.

По данным за 1914 год, по линии Троицк – Кустанай в российской губернии было вывезено более 8,2 миллиона пудов грузов, в том числе свыше 2,8 миллиона пудов хлеба, 418 тысяч пудов леса, 235 тысяч пудов алебастра и 91 тысяча пудов нефти. Кроме того, по железной дороге отправили более 12,5 тысячи пудов багажа и перевезли свыше 6,8 тысячи пассажиров.

1 сентября 1915 года был подписан акт о приемке, вновь построенной железнодорожной телеграфной линии от станции Троицк до станции Кустанай. 6 октября того же года назначена приемка дороги в казну, а 3 декабря принято решение о передаче Троицк-Кустанайской железной дороги в эксплуатацию сети железных дорог. Официальное открытие регулярного движения поездов состоялось 1 января 1916 года.

Построенная в 1913-1916 годах линия связала город Кустанай с центральными районами России и Урала, объединив крупные станции и полустанки.

Аслан КУДАБАЕВ, Костанай

әңгімеге тартты. Әсіресе халық нөпірі мол «Жанася» базары аумағы мен Педагогикалық колледж тұсындағы жол өтпелерінде нәтижелі жұмыс жүргізілді.

Дәл осындай іс-шараларды «ӘТЖК» Семей филиалы мен ПЧ-39 мекемесі де өткізіп жатыр. Ақпараттандыру жұмыстары барысында мәлім болғандай, көпшілік, әсіресе жастар жағы теміржол өтпелері маңындағы қауіпсіздік шараларын сақтамайтыны анықталды. Құлаққап киіп, тоқтап тұрған жылжымалы құрамдардың астынан өтетіндер көп екен.

– Биылғы жазда Белағаш – Дүйсекен телімі арасындағы 28 шақырым аумақты күрделі жөндеуден өткіздік. Жазғы жол күтімі ойдағыдай өтті. Қысқы мезгілге жоғары даярлықпен кірдік. Ендігі маңызды міндет қауіпсіздік болып тұр. Әсіресе станциялық жолдар мен жаяу жүргіншілер өтпелеріндегі сақтық шаралары күшейтілді, – дейді Семей жол дистанциясының бас инженері Мырзабек Керейбаев.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей

Суретті түсірген автор

Спорт

В АО «НК «ҚТЖ» прошел турнир по бильярду среди работников центрального аппарата, филиалов и дочерних организаций, дислоцированных в Астане.



МАСТЕРА ТОЧНОГО УДАРА

Лучших в этом виде спорта выбирали в двух возрастных категориях – до и свыше 50 лет.

Бильярд пользуется популярностью среди железнодорожников, он развивает пространственное мышление, стратегию и интеллект. И хотя считается игрой без компромиссов, атмосфера на соревновательной площадке царила дружеская. Опытные игроки поддерживали новичков, делились советами, которые те с благодарностью принимали.

По итогам соревнований лучшим в

БИТВА НА ТЕННИСНОМ СТОЛЕ

На стадионе «Локомотив» станции Караганда-Сортировочная состоялся Открытый турнир по настольному теннису, посвященный 120-летию профсоюза, на призы Карагандинского филиала ОО «Казпрофжел».



В спортивном мероприятии приняли участие около 50 человек со всего региона – станций Мойнынты, Балхаш, Жанаарка, Жезказган, Майкудук, Караганда-Сортировочная и других узлов.

По традиции команды игроков попригласовал председатель Карагандинского филиала ОО «Казпрофжел» Яхия Альмусин, пожелав им удачи в предстоящих соревнованиях. Игра была зрелищной и динамичной с быстрой подачей шара и мгновенной реакцией участников турнира.

В ходе турнира было четыре подгруппы, и в каждой из них выбрали сильнейшие: ПЧ-19, ТЧЭ-14, ВЖДО, ЭЧ-12 Акадыр. В финальной игре команда ТЧЭ-14 выиграла у ВЖДО со счетом 2:1, а команда ЭЧ-12 оказалась сильнее игроков ПЧ-19 и одержала победу со счетом 2:1. По итогам командного первенства первое место заняла команда ТЧЭ-14, второе – ЭЧ-12 Акадыр, третье – ПЧ-19.

По словам инструктора по спорту Кара-

гандинского филиала ОО «Казпрофжел» Тагата Айманбетова, за проявленную инициативу и активное участие в спортивных мероприятиях были награждены работники ПЧ-27 Балхаш – Мақсат Имашев, Берік Марғұлан, Айша Рахимова, представители ТЧЭ-15 Талғат Ситахметов, Альфия Ордабаева, Ардак Тажибаев. В личном первенстве приняли участие 55 человек, из них – 8 представителей прекрасного пола. Среди сильной половины первое место занял пенсионер Қайрат Омаров (НОДПТ-4), второе – Евгений Сычинский (ТЧЭ-14) и третье – Жетпис Досембеков (ЭЧ-12).

Среди женщин первое место присуждено Галине Золотухиной (ТЧЭ-14), второе – Кире Цхай (НОДПТ-4) и третье – Лейле Капасовой (ПЧ-19).

Все команды-победители и лучшие игроки были награждены ценными призами от Карагандинского филиала ОО «Казпрофжел».

Светлана МОГАЙ, Караанда

Фото автора

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚАЗТЕМІРЖОЛКӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 8 000
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол
көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өзгеше басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосымын Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-707-906-79-80
Маңғыстау: Шахмида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Усейинова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертay 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде № 601 тіркеу күәлігі берілді.